

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Кез келген тілдің фонема құрамы тұрақты болғанымен, олардың тілдегі көрінісі «шексіз» болады. Фонема көрінісінің шексіз болуына әртүрлі фонетикалық жағдаяттар себеп болады. Қазақ тілі дыбыстарының сөйлеу үстіндегі түрленімінің құрамы да осындай фонетикалық жағдаяттарға байланысты өзгереді. Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің өзіне тән ұғымдары мен атаулары болуға тиіс. Қазіргі фонетикалық зерттеулердің басты мақсаты – әр түрленімге тән ұғым-атаулардың шегарасын ажыратып, жіктеп беру. Қазақ фонетикасының басты зерттелім бағыттарының бірі – дыбыс түрленімі. Кез келген дыбыс түрленімі оның жасалымын, айтылымын, естілімін түгел немесе ішінара қамтып отыруы мүмкін, сол өзгерістердің ішінде бір белгісі басым көрінетін болады. Түрленім үлгісінің басты белгісі ретінде сол басым түрленім белгісіне айналады. Қазақ сингармологиясы – үндесім сингармологиясы. Қазақ сингармологиясының ақиқат табиғатын тек үндесім сингармологиясы тұрғысынан талдағанда ғана дұрыс танылады. Сондықтан да қазақ тілі дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талданғаны жөн. Сингармологиялық талдау үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізілге кешенді талдаудың нәтижесі қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жайлы жан-жақты және толық мәлімет береді, теориялық және қолданба лингвистиканың сұраныстарын қанағаттандырып, дамуына ықпалын тигізеді. Зерттеу жұмысында қазақ тілі дыбыстары үндесім-үйлесім

			тұрғысынан талданған. Әрбір түрленім үлгілерінің көрінісін өз алдына жеке сызбалар мен кестелер арқылы беріледі. Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы негізінде жазылған. Диссертанттың 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы аясында жүргізілген жұмысы гуманитарлық бағыт аясындағы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба негізінде орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу барысында дыбыстардың өзара үйлесім түрленімі қазақ тіліндегі негізгі ассимиляциялық заңдылық ретінде қарастырылып, оның жүйелік-құрылымдық сипаты терең талданған. Бұл бағытта тек дауысты мен дауыссыздардың тіркесу үлгілері ғана емес, олардың морфонологиялық ортада қалай модификацияланатыны, қосымша мен түбір шегіндегі дыбыстық алмасулардың қандай фонетикалық шарттармен айқындалатыны нақтыланған. Осыған байланысты қазақ тілі дыбыстарының үйлесімдік құрамы зерттеу назарынан тыс қалмай, тілдің табиғи үндестік жүйесін айқындайтын маңызды параметрлер анықталған. Бұл нәтижелер қазақ тілінің дыбыстық жүйесін кешенді қарастыруға, фонетикалық заңдылықтарды цифрлық модельдеуге, сондай-ақ жаңа әдістемелік және технологиялық құралдар әзірлеуге мүмкіндік береді. Зерттеу тұжырымдарының құндылығы олардың теориялық маңызымен қатар, практикалық қолданылым аясымен де айқындалады: қазақ тілін оқыту, автоматты тану, сөйлеу синтезі, морфологиялық талдау және цифрлық лингвистика бағыттары үшін ұсынылған шешімдер ерекше өзекті.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының теориялық

		3) төмен;	дайындығы, тілдік біліктілігі, тақырыпты меңгеруі, тілдік бірліктерді жинақтап, жүйелеуі мен сұрыптауы осы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырады. Зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі диссертацияны автордың өзі жазу деңгейі, автордың диссертация мазмұнындағы жасаған түйіндеулері мен тұжырымдары, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жүнісбектің еңбектерінде қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімі күрделі фонетикалық құбылыс ретінде сипатталады. Ғалым дыбыстардың үйлесім түрленімін дауыстылар мен дауыссыздардың әрбір жеке тіркесімінен туындайтын жүйелі заңдылық деп түсіндіреді. Осы тұжырымды басшылыққа алған зерттеуші С. Аязбаева қазақ тілі қосымшаларының (жұрнақтарының) морфологиялық құрамын жіктеп, жалғау мен жұрнаққа қатысты ғылыми анықтамаларды саралайды. Ол жалғаулардың сөз түрлендіруші, ал жұрнақтардың сөз тудырушы қызметін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Зерттеуде зат есім, сын есім, етістік және басқа да грамматикалық категорияларға тән жұрнақтардың құрамы айқындалады. Қосымшалар орфографиялық тұрғыдан талданып, олардың нормативті айтылым үлгілері жүйеленеді. Жұрнақтардың дыбыстық құрамын анықтауда қалыптасқан дәстүрлі қателіктер ескеріліп, қосымшалардың толық морфонологиялық құрылымы нақтыланады. Сонымен қатар орфоэпиялық және орфографиялық жұрнақтардың ара жігі ажыратылып, зерттеуші «жалған (жасырын) жұрнақтар» және «ақиқат жұрнақтар» ұғымдарын ғылыми айналымға енгізеді. Жұмыс нәтижесінде қазақ тілі жұрнақтарының жүйелі тізімдемесі түзіледі.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			Зерттеу жұмысының өзектілігі, зерттеу негізін айқындайтын теориялық дәйектері және талқыға түскен материалдардың жеткіліктілігі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады.
		4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды:	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациясы 3 тараудан, әр тарау соңындағы тұжырымдардан, қорытындыдан, қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай құрылған. Ондағы әрбір тараудың аты мен ондағы тақырыпшалардың мазмұны бір-бірімен сабақтасады. Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтаған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасалғандығы ішкі бірлігінің негізделгендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер, диссертанттың диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы бір-бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасады, мағыналық бірлік сақталады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Үндесім қазақ тілінің іргелі және ең басты фонологиялық заңдылығы болғандықтан, қазақ тілі дыбыстарының үндесім құрамын талдап шығу зерттеу жұмысының басты мақсатын құрайды. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді: - қазақ тіліндегі сингармологиялық атаулар мен терминдер жүйесін сараланған, олардың ғылыми негізіне талдау жасалған; - қазақ тілінің үндесім дыбыс құрамын арнайы бағдарламалар негізінде анықтап, олардың артикуляциялық сипаттамасын сызбалар арқылы берген;
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			- қазақ тілінің үйлесім дыбыс құрамын арнайы бағдарламалар негізінде анықтап, олардың артикуляциялық анықтамасын ұсынған; - қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім құрамын нақты мысалдар арқылы толықтырған; - қазақ тілінің жұрнақ сегменттерінің үндесім моделі құрастырылған. Алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, соған байланысты жасалған теориялық түйіні мен қорытындыларының шынайылық дәрежесі айқын. Оған диссертанттың зерттеу мақсаты мен оны орындау үшін белгілеген міндеттері дәлел бола алады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	1) толық байланысқан;	Кіріспе бөлімде диссертациялық жұмыстың құрылымы, мақсат-міндеттері анықталды. Зерттеуде қазақ фонетикасының зерттелу кезеңдеріне тоқталады, түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тіркесімділік сипатын айқындайды, қазақ тіліндегі үндесім құбылысының ерекшеліктерін саралап, қазақ тіліндегі жұрнақ морфемалардың сингармониялық талданымын жасайды. Есімдердің үндесім-үйлесім модельдері қарастырылады. Заттекті, сынтекті, әрекеттекті жұрнақтардың үйлесімі нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, сызбалар арқылы түсіндіріледі. Диссертацияда көрсетілген үш тарау және тараушалар арасында өзара логикалық байланыс сақталған, тарау соңында тұжырымдар келтірілген. Әр тарау мен тараушаларды айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік тауып отырған. Тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Ғылыми зерттеу нәтижелері өзекті мәселені, теориялық, қолданбалы міндетті шешуге бағытталған.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін сәтті орындап шығуынан көрінеді. Зерттеу жұмысында автор өз тарапынан ғылыми этикеттерді сақтай отырып, сингармониялық талдаулар жүргізуінің нәтижесінде бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, өз тарапынан саралап, қазақ фонетикасындағы негізгі қағидалар мен тіл дамуының үрдістерін анықтайтын модельдеу әдісін қолданады. Фонетика, сингармонология ғылымындағы негізгі қағидалар мен амал-тәсілдерді қолданады. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты тілдік деректерді талдау, тіл білімінде орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-сонды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Тұжырымдарының мәні жоғары. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа, бүгінгі күн тұрғысынан баға берілуі негізді саналады. Зерттеу жұмысы фонетикалық, фонологиялық, сингармонологиялық аспектіде зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған ғылыми теориялық және практикалық тұжырымдар мен қорытындылар зерттеу жұмысында қамтылған, барлық ғылыми жаңалықты түйіндеп көрсеткен. Зерттеу жұмысының алғашқы нәтижесі – жаңа. Сингармологиялық атаулардың өзара қатынасын интерактив модельдер арқылы визуалды түрде көрсету қазақ тіліндегі үндесім заңын ғылыми тұрғыда талдаудың және оны оқыту үдерісіне енгізудің жаңа инновациялық бағыты бола алатындығын дәлелдейді;

		- дыбыстардың артикуляциялық сипаттарын жүйелі анықтау арқылы олардың үндесімдік қызметі мен морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтарына қатысты жасалған ғылыми нәтижелері – жаңа; - дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық белгілерін талдау арқылы олардың үйлесімдік қызметі, буындық жүйедегі өзара ықпалы мен үндестік шегін айқындауға қатысты қолданған нәтижелері – жаңа; - қазақ тіліндегі жұрнақтардың үндесім-үйлесім моделін анықтаудағы тұжырымы – жаңа. Тілдің табиғи сингармониялық икемділігі жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеуде маңызды лингвистикалық параметр ретінде қарастырылады. Мұндай құрылымдық үйлесім қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану үдерісін оңтайландырып, тілдік модельдерді цифрлық форматта өңдеуге қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар үндесімдік және үйлесімдік механизмдердің икемділігін арттыра отырып, қазақ тілін цифрлық және қолданбалы кеңістікте тиімді пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді; - қазақ тіліндегі жұрнақтардың үндесім-үйлесім моделін сингармологиялық зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде ұсынған тұжырымы – жаңа. Морфемалық тізбектердің фонетикалық үндесімге бағынуы қазақ тілінің табиғи заңдылығы ретінде қарастырылады. Осы заңдылықты слайд түріндегі визуалды модель арқылы көрсету сингармологиялық зерттеудің әдіснамалық мүмкіндіктерін заманауи деңгейде таныстыруға жол ашады. Ұсынылған модель қазақ тілінің морфемикалық жүйесіндегі үндесімдік құрылымды интерактивті форматта түсіндірудің тиімді әдістемелік үлгісін қалыптастырады, соның нәтижесінде фонетикалық үйлесімнің механизмдерін көрнекі, қолжетімді және жүйелі түрде меңгертуге мүмкіндік береді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдардың нақтылығы, негізділігі, зерттеудің ғылыми айналымына мол тілдік деректерді енгізуі

		1) толығымен жаңа ;	басқару шешімдерінің сапасын көтере түседі. Диссертанттың қол жеткізген әрбір нәтижесі, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өн бойында орын алатын ғылыми ой-пікірлердің қай-қайсысы да нақты тілдік материалдар негізінде дәйектелген. Тілдік материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында қарастырылған негізгі қағидаттардың берілуі дәлелді, қолданыс өрісі кең, зерттеу жұмысы аясында жарық көрген мақалаларында қамтылғандығы жұмыстың тыңғылықты зерттелгендігін көрсетеді, тривиалды емес. Визуалды-кинестетикалық және аудиоинтерактивтік тәсілдердің бірізді қолданылуы қазақ тіліндегі үндестік заңының табиғатын, морфонологиялық алмасуларды, қосымшалардың варианттылығын және дыбыстардың тіркесімділік үлгілерін тиімді меңгертетін әдістемелік тетік ретінде бағаланады.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді ;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә ;	

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә ; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын көрсету үшін, пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. Жұмыс барысындағы пайдаланылған сілтемелері дәйектелген. Диссертанттың жасаған қорытындылары мен тұжырымдарында дәйектілік принципі қатаң сақталып, нақты фонетикалық, үндесім, үйлесім талдаулар негізінде нақты жазылған. Жүргізілген талдауларының нақтылығы мен негізділігі жоғары. Зерттеудің ғылыми айналымына қатысты мол тілдік деректерді пайдалануы жұмыстың салмағын арттырып, сапасын көтере түскендігі көрінеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) иә ;	
		2) жоқ.	Компьютер-инновациялық технологияның көмегімен фонетика-морфологиялық деңгейдегі (қосымшалардың үндесім бөлшектерін) ойтексті грамматикалық ережелер мен анықтамаларды қағаз бетінен (түс, сызба және құрылымдық көзтаным көрнекілікке қоса қолтаным және естілім түйсінімді қамтамасыз ететін) интерактив тақталардың бетіне көшіру идеясын зерттеудің басты жаңалығы ретінде бағалауға болады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) иә ;	

		2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):		Теориялық материалдарды беруде жинау, топтау, жүйелеу әдістерін басшылыққа алады. Зерттеудің алғышарттарын анықтауда жіктеу әдісін қолданады. Зерттеу жұмысында жаңа инновациялық технологиялар негізінде қосымшалардың үндесім/үйлесім ерекшеліктерін меңгертуді қамтамасыз ететін интерактивті модель ұсынылған. Бұл модель қазақ тілінің үндестік заңына сүйенген графикалық сызба-құрылымдар құруға, динамикалық визуализацияны қолдануға, сондай-ақ қимыл-әрекет (қолтаным) және есту арқылы қабылдауға негізделген мультисенсорлық әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.		Зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеуде тілдің таңбалық сипатын алғаш зерттеген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Жүнісбек тұжырымдары басшылыққа алынған. Тақырыпқа қажетті мәліметтерін ұтымды қолданады. Диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін сенімді сілтемелермен растайды. Ізденушінің материалды логикалық тұрғыдан жүйелі беруі, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми түйіндері талапқа сай.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.		Автор диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік авторларды қатар қарастырады. Олардың тұжырымдары мен пікірлерін орынды қолданады. Қазақ фонетикасына, фонологиялық, сингармониялық зерттеулердің теориялық тұжырымдарын басшылыққа алған. Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауда, артикуляциялық жіктелім кестесін түзуде А.Байтұрсынұлы тұжырымдары, артикуляциялық атау/терминдер мен буын түрлеріне қатысты Х.Досмұхамбетұлы пікірлері, қазақ грамматикасы, фонетикасы, алфавит, орфография, терминология мәселелеріне байланысты Қ. Жұбанов зерттеулері, қазақ жазуының емлесіне байланысты Н. Сауранбаев еңбектері, журналдардың тіл тарихымен байланыстығы туралы

			Ғ.Мұсабаев тұжырымдары, фонема және екпін теориясына байланысты І. Кеңесбаев, Ә.Жүнісбеков зерттелеріне сілтеме жасалған. Автор 145 еңбекке сілтеме келтіреді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес. Әдебиеттердің өндірістегі қолданысы соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтитындығы әдеби шолу үшін жеткілікті саналады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері қазақ фонетикасы, фонологиясы және сингармонология теориясының ғылыми тұрғыдан тереңдетілуіне елеулі үлес қосады. Жұмыс барысында үндесім құбылыстарының жүйелі сипаттамасы жасалып, қазақ тіліндегі морфонологиялық алмасулардың, қосымшалар варианттылығының және дыбыстардың тіркесім үлгілерінің теориялық негіздері нақтыланды. Сонымен қатар орфоэпиялық және орфографиялық нормалар тұрғысынан қосымшалардың толық құрамын айқындау қазақ тіл біліміндегі дыбыстық жүйені модельдеу тәсілдерін жаңаша қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінің жаңашылдығы интерактивті, мультисенсорлық технологияларға негізделген оқыту моделін ұсынуымен, үндестік заңын меңгертуге визуалды, кинестетикалық және аудиоинтерактивтік әдістерді кіріктіре қолданудың тиімділігін дәлелдеуімен ерекшеленеді.
		1) бар ;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін Қазақ тілінің фонетикасы базалық пәнінде, фонология, сингармония теориясына қатысты таңдау компоненттеріндегі пәндерде қосымша материалдар ретінде ұсынуға болады. Зерттеу қорытындылары қазақ фонетикасының теориялық бағасын толықтырып, заттекті, сынттекті, әрекеттекті жұрнақтардың үйлесімі модельдерін меңгертуге мүмкіндік береді.
		1) иә ;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Бұл зерттеу фонология, сингармонология саласындағы зерттеулерге үлес қосады. Жасалған ғылыми тұжырымдар
		1) толығымен жаңа ;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	мен теориялар осы жұмыстың әдіснамалық базасы ретінде алынады. Қазақ тілінің дыбыстық құрылымын оқыту, сипаттау және модельдеу бағыттарында қолданбалы сипатқа ие.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі журнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысындағы жазу мәнері мен ресімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың жазуындағы логикалық жүйелілік сақталған, ғылыми стилі жатық, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймыз.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Компьютер-инновациялық технологияның көмегімен фонетика-морфологиялық деңгейдегі қосымшалардың үндесім бөлшектерін бүгінгі ЖИ-мен сабақтастыра зерттесе зерттеудің құндылығы арта түсер еді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus дерекқорына кіретін шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБ Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында 5 мақала жарияланған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі журнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысын академиялық талаптарға сәйкес жоғары бағалауға болады. Авторы (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты.	

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру**;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
шет тілдер және ҚХА кафедрасының
доцент м.а., философия докторы (PhD)

(жұмыс орны, ғылыми дәр ежесі)



(қолы)

Жалалова Акшай Максұтовна

(Аты-жөні)

